

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттарды иеленуші азаматтардың визасыз сапарлары туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 наурыздағы № 165 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы 4 желтоқсанда София қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттарды иеленуші азаматтардың визасыз сапарлары туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттарды иеленуші азаматтардың визасыз сапарлары туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі, өзара достық қатынастарды одан әрі нығайтуға және Тараптар мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдем ету ниетін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келеді, кетеді, транзитпен өтеді және онда алғашқы келу күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай ішінде 90 (тоқсан) күнге дейін уақытша болады.

2. Артықшылықтар мен иммунитеттерді қолданатын бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған уақытында Тарап мемлекетінің қолданыстағы заңнамасын құрметтейді.

2-бап

1. Қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағында жұмыс істейтін дипломатиялық өкілдіктер және консулдық мекемелер, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын Тараптардың бірінің азаматтары қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағына, олардың ресми мәртебесін растайтын құжаты және жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорты болған жағдайда визасыз келеді, кетеді және

өзінің тіркеу мерзімінің толық кезеңінде тұрады. Мұндай қызметкерлердің тағайындалуы туралы жіберуші Тарап алдын ала дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты хабардар етеді.

2. Сондай-ақ осы баптың 1-тармағының ережелері аталған азаматтардың ресми болу мерзімінде олармен бірге тұратын дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар отбасы мүшелері үшін қолданылады

а) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - жұбайы немесе зайыбы, некеге тұрмаған 18 жасқа дейінгі балалары;

б) Болгария Республикасының азаматтары үшін - жұбайы немесе зайыбы, некеге тұрмаған 18 жасқа дейін балалары; ұзақ мерзімге жұмысқа жарамсыз кәмелетке толға балалары; қабылдаушы мемлекетте оқитын және некеге тұрмаған 25 жасқа дейінгі, соның ішінде жұбайының/зайыбының жұмысқа жарамсыз балалары.

3-бап

1. Әрбір Тарап өз шешіміне уәж келтірмей-ақ екінші Тарап азаматының келуіне рұқсат беруден бас тартуға немесе оның өз мемлекетінің аумағында болу мерзімін қысқартуға құқығы бар.

2. Әрбір Тараптың ерекше жағдайларда, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп және денсаулық сақтау мүдделері үшін осы Келісімді уақытша толық немесе жекелей тоқтата тұруға құқығы бар. Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа мүмкіндігінше өте қысқа мерзімдерде, яғни 24 сағаттан кешіктірмей, осындай шараларды қабылдағандығы және, тиісінше, олардың жойылғандығы туралы хабарлайды.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген шараларды қабылдау кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған бір Тарап мемлекетінің дипломаттық және қызметтік паспорттар иелері үшін Тарап мемлекеттерінің азаматтарына қатысты Келісімнің қолданысы жалғаса береді.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің Сыртқы істер министрліктері осы Келісімге қол қойғаннан кейін, кідіріссіз, 30 (отыз) күннен кешіктірмей, дипломатиялық арналар арқылы қолданыстағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың үлгілерімен алмасады, сондай-ақ жаңа паспорттарды енгізуге дейінгі 30 (отыз) күннен кешіктірмей олардың үлгілерін бір-біріне жолдайды және оларды қолданудың тәртібі жөнінде хабарлайды.

5-бап

1. Дипломаттық немесе қызметтік паспорттардың иелері болып табылатын Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында оларды жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда, бұл туралы тез арада болмыш мемлекеттің Сыртқы істер министрлігін хабардар ететін өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне хабарлайды.

2. Жоғалтқан немесе бүлінген құжаттың орнына сол тұлға азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі оған паспортты уақытша алмастыратын құжат береді. Қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағынан кету сол мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес мүмкін болады.

6-бап

Осы Келісім ережелерін түсіндіру немесе қолдануда даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешеді.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен рәсімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі мүмкін.

8-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және дипломатиялық арналар арқылы оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасын алғаннан кейінгі 30-шы күннен бастап күшіне енеді.

2. Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беру арқылы тоқтата алады. Осы Келісім екінші Тараптың дипломатиялық арналар арқылы осындай жазбаша хабарлама алған күнінен 3 (үш) ай өткеннен кейін қолданысын тоқтатады.

2009 жылғы желтоқсанның 4 София қаласында әрқайсысы қазақ, болгар және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін қолданылатын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ **БОЛГАРИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
ҮКІМЕТІ ҮШІН **ҮКІМЕТІ ҮШІН**

2009 жылғы 4 желтоқсанда София қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттарды иеленуші азаматтардың визасыз сапарлары туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық - құқық
департаментінің

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК